

**Кімге:** Қазақстан Республикасының Президентіне

**Автордың ТАЖ, қызметі:** Нұрқас Айтас Айқынұлы, ШҚО, Катонқарағай ауданы Ақсу ауылдық округінің әкімі.

**Күні:** 07.11.2024 жыл

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** Болашағы жоқ елді мекендерді сақтап қалу және жаңғыртудағы проблемалар мен шешімдер

**Кілт сөздер:** болашақ, елді мекен, инфрақұрылым, экологиялық тұрақтылық, мәдени мұра, көші-қон саясаты, жаңа технологиялар, инвестиция, қаржылық қолдау, миграция, әлекметтік мәселелер, жастарды тарту, жаңғырту.

**Зерттеу әдістері:** жинақтау, сұрыптау, салыстыру, салыстыра талдау (SWOT, PEST-талдау), жүйелеу, болжау, көрнекілік.

### **Кіріспе**

Болашағы жоқ елді мекендерді сақтап қалу және жаңғырту бірнеше себептермен күрделі мәселе болып табылады. Қазақстанның ауылдық аймақтарында халық санының азаюы, жұмыс орындарының жетіспеушілігі және инфрақұрылымның нашарлауы себебінен елді мекендер болашағы жоқ деп танылуда. Мұндай ауылдардағы өмір сүру деңгейін көтеріп, тұрақтандыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер қажет.

Тақырыптың өзектілігі –

1. Халық санының азаюы: Болашағы жоқ деп танылған ауылдарда халықтың жаппай қалаға көшуі байқалады, себебі ауылдарда жұмыс орындары мен өмір сүру деңгейі төмен.

2. Инфрақұрылымның тозуы: Ауыз су, жол, мектеп, аурухана сияқты негізгі инфрақұрылымдардың сапасы төмендеп, тұрғындарға қиындық тудырады. Инфрақұрылымға жөндеу немесе жаңарту жұмыстары жүргізілмеген жағдайда ауылдардың дамуы қиындайды.

3. Экономикалық ресурстардың жетіспеуі: Ауыл шаруашылығы, шағын кәсіпкерлік сияқты экономиканы көтеретін салалар дамымай қалуда. Бұл халықтың табысын арттыруға кедергі келтіреді.

4. Білім беру мен денсаулық сақтау қызметтерінің төмендігі: Оқыту мен медицина қызметтері әлсіз болса, ауылда қалуға деген қызығушылық та азаяды.

**Аналитикалық жазбаның мақсаты** - Болашағы жоқ деп танылған елді мекендердегі негізгі проблемаларды талдап, олардың сақталуы және жаңғыртылуы үшін шешім жолдарын қарастыру.

**Негізгі бөлім:** Ауылдық округ орталығы – Ақсу ауылы; Ауылдық округке қарасты ауылдар: 1) Ақсу 2) Жазаба 3) Бекалқа 4) Ақшарбақ

Ауылдық округтегі халық саны 2024 жылдың 1 қаңтарына 733 адам, оның ішінде экономикалық белсенді 420 адам, оның ішінде белсенді емес 273 адам, оның 124-і өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

Зейнеткерлер саны – 140 адам, мүгедектер – 42 адам, көп балалы аналар – 27 адам, оның ішінде 23 адам – Батыр ана.

Демографиялық өсім: өзгеріс заңдылықтары- тұрғындарына айналды. Бұлай болуы заңды да еді. 1990-шы жылдардың екінші жартысында ішкі көші-қон – ауылдан қалаға көшу де белең алды. 1990 жылы қалаға қоныс аударған ауылдықтардың саны шамамен 1,4 миллион адамға жетті. Әсіресе Алматы және Астана қалаларында үлкен өсім байқалды.

2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда 6 208 ауыл бар. Ұлттық статистикалық бюросының хабарлауынша, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 78-ге аз, деп хабарлайды. Сонда 2024 жылы 78 ауылдың жойылғанын білдіреді. Таратылған 78 елді мекеннің 50-і Түркістан және Қостанай облыстарына тиесілі. Қалған 28 ауыл Алматы, Шығыс Қазақстан, Абай және Қарағанды облыстарында таратылды. 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда 17 облыс, 192 аудан, 90 қала, оның ішінде 3 республикалық маңызы бар қала тіркелген. Сондай-ақ елімізде 29 кент, 2165 ауылдық округ пен 6208 ауыл бар. Айта кетейік, 1 шілдедегі жағдай бойынша халық саны 20 159 707-ға жетті. Қалада [12 573 367](#) адам болса, ауылдық жерде 7 586 070 адам тұрып жатыр.

**Адам көшіп барады, ауыл азып:** бұрын қазақтың біршамасы ауылда тұратын. Қазір жағдай өзгерген. Қазақы танымның қайнары саналатын ауыл халқы азайып келеді. Бүгінде ауылда халықтың жалпы санының 38%-ы ғана қалған. Ауыл – қазақтың тал бесігі, қазақы қасиеттер мен құндылықтардың түп бастауы. Сондықтан ауыл қамқорлықтан, жанашырлықтан қағажу қалмауы керек. Бұл тұрғыда Үкімет не істеп жатыр?

### **Ауылды қолдайтын қанша бағдарлама бар?**

Үкімет басшысы Олжас Бектенов сенаторлардың сұрауына орай ауылды дамыту бағытында жасалып жатқан іс-шаралар туралы егжей-тегжейлі ақпарат жолдады.

«Қазір Ұлттық экономика министрлігі – өңірлік саясат саласындағы, оның ішінде ауылдық аумақтарды дамыту бөлігіндегі уәкілетті орган болып бекітілген. Ол елдің өңірлік саясатын іске асыру, агломерацияларды, шағын қалаларды, моноқалаларды, ауылдық және шекара маңы аумақтарын дамыту жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді. Қабылданып жатқан қолдау шаралары ауылдық жерлерде өмір сүруді дамытуға және халықтың кетуін азайтуға ықпал етеді. Бұл мәселе Үкіметтің тұрақты

бақылауында!», – деп сендірді. Премьер. О.Бектенов бүгінде қандай мемлекеттік бағдарламалар ауылды өркендетуге бағытталғанын тізбеледі. Нақтылағанда, «Жайлы мектеп», «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту», Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Агро-өнеркәсіп кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы, «Бір ауыл – бір өнім», «Ауыл – Ел бесігі», Қазақстанның ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы іске асырылып жатыр.

Ауыл халқының табысын арттыру үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы қолға алынды.

Бұдан басқа Үкімет даму әлеуеті жоғары – тірек, спутниктік ауылдардың тізбелерін өзектендіріп, соның негізінде әрбір өңір бойынша «Ауылдық аумақтарды дамыту Жол карталары» бекітілді.

Сарапшылар халықты ауылда ұстап қалу үшін, әсіресе солтүстік өңірлерде ақшалай үстемеақылар, субсидиялар, жеңілдіктер, преференциялар жүйесін енгізуді ұсынып келеді.

Бұдан басқа жергілікті атқарушы органдар өз өңірінде сұранысқа ие мамандар үшін әлеуметтік пакетті де қарастыра алады. Жаңа Үкімет Әкімшілік реформаның аясында өңірдегі өмір сүру деңгейіне байланысты ауылдағы азаматтық қызметшілерге қосымша ақы беру мүмкіндігін зерделеуге ниетті.

Осы мақсатта жұмыс берушілердің өз жұмыскерлері үшін ауылдық жерде тұрғын үй салуға жұмсаған шығыстарын өтеу тетігі енгізілді: жұмыс берушілердің ауылда үй салуға кеткен шығындары бюджеттен субсидияланады.

Әрине, бұл шаралар әлі де жеткіліксіз. Ауылды гүлдену стратегиялық міндет болғандықтан, оған тұтас стратегиялық құжат арнаса, бұл онсыз да аз ресурстардың қаптаған бағдарламаға тарыдай шашылуына соқтырмас еді.

**SWOT талдау** Күшті жақтары : Көптеген елді мекендер ауыл шаруашылығы үшін қолайлы жерлерде орналасқан. Елді мекендердегі мәдениет пен дәстүрлерді сақтау, туризмді дамытуға және ауылды тартымды етуге негіз болады. Елді мекендердегі мәдениет пен дәстүрлерді сақтау, туризмді дамытуға және ауылды тартымды етуге негіз болады. Жұмыс орындары құрылған жағдайда, жергілікті тұрғындар жұмыс күші ретінде елді мекендердің дамуына үлес қоса алады.

**Әлсіз жақтары:** Жастардың қалаға көшуі және халықтың азаюы. Жолдардың, электрмен жабдықтау және ауыз су жүйесінің тозуы. Жергілікті бизнестің дамымауы және инвестицияның жетіспеуі ауыл экономикасын әлсіретеді. Білім беру, медицина және басқа да қызметтер ауыл тұрғындарының қажеттілігін толық қанағаттандыра алмайды.

**Мүмкіндіктер:** Мемлекеттік және жеке инвестициялар арқылы ауыл шаруашылығы мен шағын бизнесті қолдау. Жұмыс орындарын құру арқылы халықты тұрақтандыру. Ауыл шаруашылығында жаңа технологияларды қолдану арқылы өнімділікті арттыру және ауыл экономикасын қолдау.

**Қауіптер:** Қаладағы мүмкіндіктердің көптігі ауыл жастарының елді мекендерден кетуін күшейтіп, ауылдар босап қалуы мүмкін. Мектеп, медицина сияқты әлеуметтік нысандардың жетіспеуі халықтың қалаға көшуіне себеп болады. Климаттың өзгеруі ауыл шаруашылығына кері әсерін тигізіп, ауыл экономикасын әлсіретуі мүмкін.

**PEST талдау: Саяси факторлар** Мемлекеттік бағдарламалардың қолдауы арқылы ауылдарды дамыту мүмкіндігі бар. Жолдар, су, электрмен жабдықтау және интернет желілерін дамыту үшін мемлекет тарапынан қаржыландыру қажет. Ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін арнайы салық жеңілдіктерін ұсыну арқылы жаңа кәсіпорындардың ашылуына мүмкіндік жасауға болады.

**Экономикалық факторлар (Economic)** Инвестициялардың болмауы және жұмыс орындарының шектеулілігі экономикалық дамуға кері әсер етеді. Ауылдық жерлерде жұмыс орындарының аз болуы тұрғындардың экономикалық тұрақтылығын төмендетеді. Кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығымен айналысушыларға арзан несиелер ұсыну арқылы ауыл шаруашылығын және ауыл кәсіпкерлігін дамыту мүмкіндігі бар.

**Әлеуметтік факторлар (Social)** Көптеген ауылдарда халықтың жасы ұлғайып, жастар қалаға көшуде. Ауылдағы білім беру және денсаулық сақтау қызметтері дамымаған жағдайда, тұрғындар қалаға көшуге мәжбүр болады. Кітапханалар, мәдениет үйлері және спорт кешендері сияқты әлеуметтік нысандардың болмауы тұрғындардың өмір сапасын төмендетеді. Ауылдық жерлердегі дәстүрлі мәдениет пен құндылықтарды сақтау ауылдың тартымдылығын арттырып, тұрғындардың ауылда қалуына мүмкіндік береді.

**Технологиялық факторлар (Technological)** Заманауи технологиялар, мысалы, интернетке қолжетімділік, ауыл шаруашылығында және инфрақұрылымда автоматтандырылған жүйелерді енгізу. Дрондар, датчиктер, автоматтандырылған суару жүйелері сияқты жаңа технологиялар ауыл шаруашылығын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Электр және су үнемдейтін технологиялар ауылдағы инфрақұрылымды тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

**Ауылдар неге «өледі»?** Тәуелсіздіктің өткен жылдарында мемлекет тарапынан ауылды дамытуға арналған саналуан бағдарлама қолға алынғанына қарамастан, ауыл тұрғындарының қалаға жаппай көшу үдерісі үдеді. Биылғы қызыл суға қаншама ауыл қарық болды. Олардың тұрғындары аудан-қалаларға, ірі ауылдарға түпкілікті

көшіріледі деп күтілуде. Яғни, біраз ауыл қалпына келтірілмей, қаңырап бос қалатын түрі бар.

Айтпақшы, ауылдар санының қарқынды азайып бара жатқанын Ұлттық статистика бюросы растады: 2024 жылдың қаңтарында ауылдар саны 6 256-ны құрады, яғни бір айда 30 ауыл жойылған.


Мысалы, елімізде 50 адамнан да аз тұрғыны ғана қалған 549 ауыл бар.

Ауыл халқы демографиясының талдауына сәйкес, соңғы 10 жылда ауылдықтардың орташа жылдық санының тоқырауы байқалады. Салыстыратын болсақ, ресми статистика бойынша осыдан он жылдай бұрын, 2013 жылы Қазақстан халқының саны – 16,9 миллион адам болғанда, ауылда – 7,6 миллион адам немесе қазақстандықтардың 45%-ы өмір сүріп жатыпты.

Ал 2023 жылы Қазақстан халқының саны – 20 миллион адамға жеткенде, ауылдықтардың жалпы саны 7,5 миллион адамды құраған. Яғни, бір қарағанда сан шамалы өзгерген, алайда жалпы үлесі 38%-ға дейін құлдырады. Мұндай қарқынмен, тағы бір он жылдан соң ауылда отыз пайыздай ғана халық қалуы ықтимал.

Ұлттық статистика бюросы мамандарының түсіндіруінше, урбанизация жоғары қарқынмен жүріп жатыр. Бұл ретте ауыл халқының саны табиғи өсім арқасында ғана бір деңгейде қалды: қалалықтарға қарағанда, ауылдағы аналар көбірек бала туады. Бірақ ол өсім ауылды тастап кетіп жатқандардың орнын толтыра алмады.

*Сурет №1 «2023 жылы халық саны 50 адамнан аз ауылдар»*



А. Мейрембаев келтірген мәліметтерге сүйенсек, білім беру және медициналық қызмет көрсетумен байланысты проблемалар бар. Ауылдық жерлерде 2,7 мың шағын жинақталған мектеп бар. Көптеген ауылда медициналық нысандар жоқ, ал 2,3 мың ауылдық

елді мекендерде құрылыс мерзімі 40 жылдан астам салынған нысандар бар. Ауыл тұрғындары көбінесе өз жеке шаруашылықтарында жұмыс істейді немесе олардың әл-ауқатына әсер ететін жалақысы төмен жұмыстарда жұмыс істейді. Мәселен, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар ауыл халқының үлесі 7,3% -ті құрайды. Салыстырсақ, қалаларда бұл көрсеткіш 2 есе аз – 4%.

*«Ауыл тұрғындарының қалаларға кетуінің тағы бір факторы адамдардың санасының өзгеруіне байланысты. Көптеген ауыл тұрғындары балаларына сапалы білім беріп, лайықты болашақты қамтамасыз еткісі келеді. Ал ауыл жастары өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында тұру үшін қалаларды таңдайды», - дейді сарапшы.*

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде іске асырылатын шаралар ауылдық көші-қон белсенділігін төмендетуі мүмкін.

Тұжырымдама шеңберінде инфрақұрылымды жаңғырту есебінен ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған «Ауыл – Ел бесігі» жобасы іске асырылуда. Жобада білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру, инженерлік инфрақұрылым, көлік инфрақұрылымы объектілерін салу және реконструкциялау жөніндегі жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру көзделеді.

«Ауыл дамуының маңызды бағыты жұмыс орындарын құру және ауыл халқының табысын арттыру болып табылады. Осы мәселені шешу мақсатында тұжырымдама шеңберінде ауыл тұрғындарына өз бизнесін бастауға көмектесетін «Ауыл аманаты» жобасы іске асырылуда. Жоба ауыл тұрғындары үшін 2,5% жеңілдікті несие беруді және кооперативтер үшін ауыл шаруашылығы техникасының лизингін қарастырады.

«ҚР Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңның 8 және 11-бабының 3-тармағына сәйкес, облыстық өкілдік және атқарушы органдар халық саны 50 адамнан кем елді мекендерді «болашағы жоқ» деп танып, шетінен тарату жұмысын жалғастыра түспек. Бұл – ұлан-байтақ жеріміздің көп бөлігі тусыраған қу мекенге айналады деген сөз. Соған орай Үкімет «еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру» деген желеумен экономикалық даму әлеуеті төмен ауыл тұрғындарын облыстық, аудандық маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу нүктелеріне көшіруді көздеп отыр. Себебі кезінде дүркіреп тұрған шалғайдағы ауылдарда қазір тіршілік нышаны байқалмайды. Көбінде клуб, балабақша, дүкен, медициналық пункттің қаңыраған қабырғалары мен төбешік орны ғана қалған. Ал тұрғындарға керегі жол мен жұмыс десек, ауылды ұстап тұрған жалғыз мектептен басқа екі қолға бір күрек болар басқа нысан да жоқ. Онсыз да қазір «болашағы жоқ» деп танылған елді мекендерде оқушыдан мұғалім көп. Сондай-ақ Кеңес

Үкіметі кезінде өрісінде мыңғырған төрт түлігі өрген өңірлерде «тышқақ лақ» бағатын жастардың қалмағаны аян. Мысалы, бүгінде еліміздегі аграрлық салаға 2 500 маман жетіспейді екен. Ал ауыл шаруашылығы саласы бойынша білім алған 5 мың жастың дені шалғайдағы инфрақұрылымы жоқ ауылда жұмыс істеуге құмбыл емес. Одан гөрі қала, аудан орталықтарының интернетін игеріп, малдың жайылымын үйде дронмен қадағалап отырғанды құп көреді. Ұлттық экономика министрлігі болса, ең алдымен ауылдың жұмыс орны емес, демографиялық жағдайы есепке алынатынын алға тартты. Ал журналист, блогер Өркен Кенжебектің айтуынша, қазақтың арман қуып қалаға ауысуы тек қана мүмкіндік емес, қатер. «Әлеуметтік және саяси қауіп-қатер. Себебі қалаға келген қазақтың әлеуметтік мүмкіндіктері шектеулі. Көбін күтіп тұрған жұмыс жоқ, қара жұмысқа салынады. Ал оның ақысы аз, пәтер жалдауға жетпейді. Осындай күйбең. Перспектива көрмеген соң ашынады. Сондықтан мұны түбіне түсіп, зерделеу керек», – дейді ол. Демек, ауыл жерлері бұлай жыл сайын бос қала берсе, қалалардың мәселесі де ушыға түсетіні сөзсіз. Өйткені ішкі нарықтың басым бөлігін ауыл шаруашылығы өнімімен қамтамасыз етіп, экспортқа да елеулі үлес қосып отырған мекендердің бәрінің болашағы бар. Өрісі кең өңірлер картасына кейінгі 20 жылда «болашағы жоқ» деген қара таңба салып қоюдың өзі қисынсыз.

Сонымен, «болашағы жоқ ауылдардың» басым көпшілігі Қызылорда, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарында болып тұр. 2012-2019 жылдар аралығында сондай 500-ге жуық ауыл жойылған. Ал қазір ауылдың 3 477-сі ғана «келешекте даму әлеуеті бар» деп танылса, қалған 2761-і 1 миллионға жуық тұрғындарының аузындағы тәтті естелік болып қала бермек. Дерекке сүйенсек, соңғы 5 жылда СҚО-да 635 ауылдың 38-і жойылды. Ал 2000 жылдан бері өңірде 118 ауыл иесіз қалған. Биыл тағы 112-сі есептен шығарылу алдында тұр. Тіпті, жалғыз тұрғыны қалған 3 ауыл бар. Бұл солтүстік өңірдің ауылдарына ғана тән жағдай емес. ШҚО-ның Қытаймен шекаралас аймақтарындағы елді мекендер де осы күйді бастан кешіп отыр. Былтыр облыс әкімдігінің қаулысы мен мәслихаттың шешімі бойынша, Зайсан ауданының Сарытерек ауылдық округіндегі Жаңабаз ауылы Көгедай ауылына, Айнабұлақ ауылдық округіндегі Талды, Сарытұмсық ауылдары Айнабұлақ ауылына, Кеңсай ауылдық округінің Саршы ауылы Кеңсай ауылына қосылды. Сондай-ақ Семейдегі тұрғын саны аз Караөлең, Социалистік Қазақстан ауылдары жабылып тынды. Бұл ретте «иесіз жердің жау шақыратынын ескерсек», шекаралас ауылдардың бос қалуы ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан да өзекті. Өкінішке қарай, сол жойылған ауылдардың алдын алу бағытында ешқандай жұмыстар жүргізілмеген. Адам өмірінің негізгі проблемасы – жол мен су. Осы екеуі қолға алынып,

шешімін тапса, ауыл өмірінің тіршілігі жүдемейді, өшпейді. Басқа елдердің қатарында өсіп, болашағын жоймайды.

Халықаралық тәжірибе негізінде Швейцарияның үлгісін қарастыруға болады.

Сенатор Жанболат Жөргенбаевтың айтуынша, қалаға ауған жұрттың қалың көшіне ілескендер арасында ауыл шаруашылығының мамандары және ауыл кәсібінің көзін таба білетін адам көп.

Мысалы, фермер, агроном, орман саласының маманы, механизатор және басқасының қалада өз мамандығы бойынша жұмыс табуы екіұдай. Содан олар өзге мамандыққа қайта бейімделеді, Қазақстан болса, қыруар қаржы жұмсап, оқытқан мықты кадрден айрылады. Жетексіз кеткен урбанизацияны бақылауға алудың бір маңызы да осында. Ауылдың білікті мамандарын мүмкіндігінше, ауылда ұстап қалып, барлық қажетімен қамтыған, ынталандырған жөн. Әйтпесе, нарық пен жұмыс күшінің еркін қозғалысы заманында маманды ауылда қатаң шектеу-тыйыммен байлап ұстай алмайсың.

Ал көршілес Ресейде «болашағы жоқ ауыл» деген ұғым жоқ. Себебі орыс билігі демографиялық карта арқылы өзге елден көшіп келіп жатқандарды шекараға жақын, тұрғыны аз өңірлерге апарып орналастырады.

Халықаралық ұйымдардың аясында елдегі урбанизация проблемаларын зерттеп жүрген ғалым Александр Беловтың айтуынша, сарапшылар урбанизацияның Еуропадағы дамыған елдерде де қарқынды жүріп жатқанын алға тартқанда, Қазақстанның ерекшелігін ескере бермейді. Мысалы, Ұлыбританиядағы урбандалу көрсеткіші 83%, Францияда – 79%, Германияда 75%-ды құрайды.

«Бірақ Еуропа елдері шағын болып келеді, Қазақстанның территориясы ұлан-байтақ. Тіпті, АҚШ-тың өзі урбанизацияны бақылауда ұстайды, шекаралық аумақтар жалаңаштанып қалмауы үшін халықтың Аляска, Аризона, Айдахо, Монтана, Огайо сияқты ел шетіндегі штаттарда орнығып, тұрақты қалуы үшін қуатты мемлекеттік қолдау көрсетеді, түрлі субсидия береді. Аумағы жөнінен әлемде тоғызыншы орындағы Қазақстан бүкіл халқын айналдырған 89 қаласында жинап алып отыра алмайды. Бұл – ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді», – деді сарапшы.

Қазіргі заманғы озық ауылдар әлемде әлеуметтік трансформация мен инновацияның табиғи лабораториясы рөлін де атқарады. Мысалы, Швейцарияның ауылдарына урбанизациядан шаршаған қалалықтар тұмса табиғат аясында ләззат алып, таза ауа жұту үшін турист ретінде бүкіл әлемнен ағылады. Ұқсас әлеует қазақ ауылдарында бар, тек инвестиция салып, толыққанды жүзеге асыруға зеру.

### **Қорытынды**

Ауылдық жерлерді сақтап қалу және жаңғырту – кешенді жұмыс. Бұл үшін мемлекет, жергілікті қауымдастықтар мен кәсіпкерлердің



бірлескен әрекеті маңызды. Қолдау көрсету арқылы болашағы жоқ елді мекендерде тұрғындарға жаңа мүмкіндіктер ашып, халықтың ауылдық жерлерде қалуына ықпал етуге болады.

Болашағы жоқ деп танылған елді мекендерді сақтап қалу мен жаңғырту кешенді жұмыс пен тиімді стратегияны талап етеді. Бұл үшін инфрақұрылымды жаңғырту, экономикалық мүмкіндіктерді арттыру, мемлекеттік қолдау көрсету және ауыл тұрғындарына қолайлы жағдай жасау қажет. Елді мекендердің мәселелерін шешу арқылы ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуге болады.

### **Ұсынылатын шешімдер / Ұсыныстар**

**Біріншіден:** Елді мекендерді дамыту үшін ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті қолдау керек. Бұл үшін субсидиялар, арзан несие, гранттар арқылы шаруашылықты дамытуға жағдай жасалуы қажет.

**Екіншіден:** Жол, су, газ, электр желілері, интернет сияқты инфрақұрылымды жаңарту халықтың тұрақтануына әсер етеді. Қазіргі заманғы технологиялар арқылы инфрақұрылымды автоматтандыруды қарастыруға болады.

**Үшіншіден,** Мектептер мен ауруханаларды сапалы кадрлармен қамтамасыз ету, онлайн қызмет көрсету жүйелерін енгізу ауылдардағы өмір сапасын арттырады.

**Төртіншіден:** Ауыл шаруашылығында заманауи технологияларды, мысалы, дрондар мен цифрлық басқару жүйелерін пайдалану арқылы өнімділікті арттыруға мүмкіндік бар. Бұл ауылдың экономикалық әлеуетін арттыруы мүмкін.

**Бесіншіден:** Ауылдардағы табиғи сұлулық пен мәдениетке қызығушылықты арттыру үшін экотуризмді дамытуға болады. Бұл ауыл тұрғындарына қосымша табыс көзін ұсынуы мүмкін.

**Алтыншыдан:** Болашағы жоқ деп танылған елді мекендерге арнайы мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу қажет. Мысалы, салық жеңілдіктері, білім гранттары немесе жаңа жұмыс орындарын ашуға көмек көрсету.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
2. <https://qaz365.kz/society/8748-kazakstanda-bir-zhylda-kansha-auyl-zhoilydy/>
3. <https://aikyn.kz/265533/adam-koship-barady--auyl-azyp>
4. <https://azattyq-ruhy.kz/society/60637-kazakstanda-500-den-astam-auyl-zhoiyluy-mumkin>
5. <https://aikyn.kz/145235/kansha-auyldyn-bolashagy-zhok>